



Мұғалімнің аты-жөні: Козбагарова Бактыгуль

Пәні: қазақ тілі

Сыныбы: 9 А

Күні: 17.10.2014ж.

КЕЛІСЕМІН:

С.Рахымов ат. ШРӘМИ басшысының

оқу ісі жөн. орынбасары _____ Б.Ж.Уызбаева

Сабақтың тақырыбы: Қазақ отбасында ата мен әженің рөлі.

Сабақтың мақсаты: Қазақ отбасында ата мен әженің алатын орны биік мәртебе екені туралы оқушыларға толық мағлұмат беру.

Алған білімдерін пысықтап, теориялық алған ұғымдарын мысалдар арқылы терең меңгерту.

Дамытушылық: Сөз қорын, сөйлеу мәнерін дамыту; өз бетінше орындау дағдыларын қалыптастыру, топпен жұмыс жүргізу арқылы әр оқушының дербестігін жетілдіру, шығармашылық белсенділігін арттыру.

Тәрбиелік мәні: Отбасы мен ата-әжені құрметтеуге, ата-анаға көмек көрсетуге баулу.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ.

Оқу нәтижелері:

- Тыйым сөздерді біледі;
- Ата мен әже – әр үйдің қазынасы екенін біледі;
- Отбасы туралы мақал-мәтелдерді біледі;
- Буын және оның түрлерін біледі.

Сабақтың кезеңі	Уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі.	1 минут	Оқушыларды түгелдеу.	Сынып туралы мәлімет береді.	Көңіл-күйлері туралы сұрау	
	1 минут	Сыныпты үш топқа бөлу: 1 топ: «Аталар» тобы; 2 топ: «Әжелер» тобы; 3 топ: «Немерелер» тобы. Топ мүшелерін сайлау.	Сынып үш топқа бөлінеді. 1. Спикер – топты бастайды. 2. Time менеджер – уақытқа қарайды. 3. Бағалаушы – баға қояды. 4. Хатшы – тапсырмаларды алып отырады. 5. Тілші – сөздерді аударып отырады		Топ мүшелерінің жеке-жеке атаулары көрсетілген омырау ілмектері.
Үй тапсырмасын тексеру	3 минут	Отбасы мүшелерінен берілген сөздердің анықтамасын сұрау: әке-шеше (ата-ана), немере, шөбере, жеңге, ағайын, нағашы, жиен.	(сыныптағы өзге ұлт оқушылары топтың «тілшісі» болып сайланады). Отбасы мүшелерінен берілген сөздердің анықтамасын айтады: <i>Әке - шеше, ата - ана - дүниеге ұрпақ әкелген ерлі - зайыпты адамдар.</i>	Стикермен бағалау: «5» - сарғыш (қызыл) түс; «4» - жасыл (көк) түс; «3» - сары түс.	Отбасы суреті

			<p><i>Немере</i> - ұлдың баласы. <i>Шөбере</i> – немеренің баласы. <i>Жеңге</i> – ағаның әйелі. <i>Ағайын</i> – бірге туған туыстар. <i>Нағашы</i> – баланың анасының төркіні. <i>Жиен</i> – қыздың немесе әпке, қарындастан туған бала.</p>		
Жаңа сабақ тақырыбын ашу	2 минут	Жаңа тақырыпқа байланысты ауызша өлең жолдарын жатқа оқи отырып сұрақтар қою:	Оқушылар өлең жауаптарын табады.		Ата мен әже суреті.
Жаңа сабақтың өтілу кезеңі	4 минут	<ol style="list-style-type: none"> 1. Айтары мол ғұлама, Көп жасасын бұл адам! Әкесі ол әкеңнің, Білер оны сұраған. Кім ол? 2. Әкенің анасы, Ананың данасы, Кей-кезде таласып, Қаламыз шамасы. Кім ол? <p>Бүгінгі тақырыбымыз: «Қазақ отбасында ата мен әженің рөлі».</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ата. 2. Әже. <p>1 топ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жамбыл Жабаев. 2. Сүйінбай Аронұлы. <p>2 топ:</p>	Ия, ата мен әже – отбасымыздың ең сыйлы, құрметті жандары. Сіздерге рақмет, өлең жауаптарын дұрыс таптыңыздар!	

<p>Жаңа сабақтың пысықталу кезеңі</p>	<p>5 минут</p>	<p>Ата мен әжеге байланысты сұрақтар қою.</p> <p>1 топ «Аталар» тобына:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүз жасаған ақын ата? 2. Жамбыл атамыздың пірі болған, ұстаз атаның есімін ата? <p>2 топ «Әжелер» тобына:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Абайдың әжесінің аты кім? 2. Атақты күйші әжемiз кім? <p>3 топ «Немерелер» тобына:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бауырсақ, шелпектің қалай дайындалатынын білесің бе? 2. Жеті атаның аталу 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Зере. 2. Дина Нұрпейісова. <p>3 топ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жылы суға тұз, ашытқы, ұн.... қосып ашытылу уақытына қояды. Ашытылған қамырдан бауырсақ, шелпек пісіреді. 2. Төменнен жоғары жеті атаның аталу жолы: <ol style="list-style-type: none"> 1. Бала; 2. Әке; 3. Ата; 4. Арғы ата; 5. Баба; 6. Түп ата; 7. Тек ата (8. Ата тек). <p>Жоғарыдан төмен жеті атаның аталу жолы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әке; 2. Бала; 3. Немере; 4. Шөбере; 5. Шөпшек; 	<p>Жарайсыңдар!</p> <p>Керемет!</p> <p>Стикерлермен бағаланады.</p>	<p>Оқулықтар</p>
---------------------------------------	----------------	--	--	---	------------------

	3 минут	<p>орындау; 2 топқа: 3-4 азат жолдардың алғашқы бір-бір сөйлемін орындау; 3 топқа: 5-6 азат жолдың алғашқы бір-бір сөйлемін орындау.</p> <p>Әр топтан бірінші орындаған оқушылар өз орнында тексеріп бағалау.</p> <p>2) Топтың тілшілеріне кеспе қағаздар тарату (5-тапсырма, 32 бет).</p> <p>1 кеспе қағаз: Тақырыпқа келмейтін сөзді алып таста, дәптеріңе жаз (ауызша орыс тіліндегі аудармаларын сұрау):</p> <p>Ата, әже, аға, қарындас, әке, ұстаз, сіңлі.</p> <p>2 кеспе қағаз: Тақырыпқа келмейтін сөзді алып таста, дәптеріңе жаз (ауызша орыс тіліндегі аудармаларын сұрау):</p>	<p>Самат</p> <p>Бүгін Самат таң сәріден тұрып, ата-әжесімен таңғы асты тамақтанды. Оның қуанышы қойнына сыяр емес. Бүгін атасы Саматты нағашыларының үйіне демалыс күндеріне таңғы жолаушылар көлігіне шығарып салмаққа бел</p>	Стикер	Суреттер
--	---------	--	---	--------	----------

		<p>Аман бол, өркенің өссін, жоқ бол, айналайын, құлыным.</p> <p>3 кеспе қағаз: Тақырыпқа келмейтін сөзді алып таста, дәптеріңе жаз (ауызша орыс тіліндегі аудармаларын сұрау):</p> <p>Алғыс айту, ақыл айту, рақметін білдіру, жаман сөз айту, жылы сөз айту.</p> <p>3) Суретке карап тақырып қойып, әр топ әңгіме құрату.</p>	<p>байлады.Бұл күнді Самат көптен бері күтіп жүрген болатын. Қаладан ағасы Марат келгенде бірге барарсыңдар деген атасынына да ренжіп: «Мен ер жеттім ғой. Өзім-ақ жете аламын... Уайымдамаңыздар!...» деп ренішін де білдіріп отыратын. Таңғы астан кейін Саматтың әжесі үйде, ошақ қасында қалса, атасы немересін көрші қызбен Саматты нағашылар үйіне шығарып салды. Кешкі аста нағашылармен бірге Саматтың әңгіме думаны басталды...</p> <p>1) Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ.</p> <p>2) Күннің шуағы жылы, Ананың құшағы жылы.</p> <p>3) Ананың көңілі балада, Баланың көңілі анада.</p>		
--	--	---	---	--	--

		<p>4) Суретке қарап отбасы тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер шығарту</p>	<p>4) Анаңды үш рет Меккеге көтеріп апарсаң да, қарызын өтемейсің. 5) Отан – отбасынан басталады. 6) Отбасы - ошақ қасы.</p>		
<p>Сабақтың пысықталу барысы</p>	<p>3 минут</p>	<p>1) Суреттер арқылы ата-әжемiздiң тыйым сөздерiн айтқызу</p>	<p>Әр топ үш суретке жауап бередi.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Пышақты шалқасынан қойма; 2. Күн батқанда және түнде суға барма; 3. Үйде ысқырма; 4. Нанды бiр қолмен үзбе; Нан уағын тастама; 	<p>Жарайсындар, еске салып ескерiп жүрiндер!</p>	<p>Суреттер</p>

Сабақты бекіту барысы	3 минут	<p>3) Тілшілерге тапсырма беру. 1 топ тапсырмасы: Отбасы мүшелерін атау.</p> <p>2 топ тапсырмасы: Отбасы мүшелерімен көрсетілген апта күндерін атау</p> <p>3 топ тапсырмасы: Жігіттің үш жұртын атау. Ата мен әжелерді айту.</p>	<p>5. Аяқ-қолыңды жіппен байлама; 6. Ақты жерге төкпе; 7. Малды теппе; 8. Күлді баспа (орыс тілінде зала); 9. Суға түкірме.</p> <p>Тапсырманы орындайды.</p>	Стикер	Суреттер
	2 минут	<p>Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қою.</p> <p>... деген – бәйтерегі өмірдің, ... деген – қуанышы көңілдің,</p>	<p>Әке Ана Әже Ата</p>	Рақмет, жарайсындар!	Кеспе қағаз

		... деген – әрбір үйдің жылуы, деген – қазынасы әр үйдің			
Үйге тапсырма беру	1 мин	« Ата мен әже – әр үйдің қазынасы» эссе жазу	Күнделікке жазу		күнделік
Оқушы білімін бағалау	2 мин	Стикерлермен қорытынды баға шығару	Баға қойдырады.		күнделік
Кері байланыс	3 мин	Парақшалар тарату	Үйрендім тор көзін толтыру	Жарайсыңдар!	парақшалар

Сабақтың жағымды жағы:

Сабақта жіберілген кемшіліктер:

«Аталар» тобы	«Әжелер» тобы	«Немерелер» тобы

--	--	--

- ... деген – бәйтерегі өмірдің,**
- ... деген – қуанышы көңілдің,**
- ... деген – әрбір үйдің жылуы,**
- ... деген – қазынасы әр үйдің.**

ӘКЕ	ӘКЕ	ӘКЕ	АНА
АТА	АТА	АНА	АНА
АТА	ӘЖЕ	ӘЖЕ	ӘЖЕ